

"Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы"
Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 131 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2016 жылғы 25 ақпандағы № 111 қаулысы.
Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2020 жылғы 2 қазандағы № 633 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 02.10.2020 № 633 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).
Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2003 жылғы 5 ақпандағы № 131 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2003 ж., № 6, 62-құжат) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы";
кіріспе мынадай редакцияда жазылсын:

"Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңы 10-бабының 2-7) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:"**;

көрсетілген қаулымен бекітілген Сауда рыноктарының қызметін ұйымдастыру ережесі (бұдан әрі – Қағидалар) осы қаулыға қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулы 2018 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін және 2020 жылғы 1 қаңтарға дейін қолданылатын Қағидалардың 7-тармағын, 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізілетін Қағидалардың 8-тармағын қоспағанда, алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

К.Мәсімов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2016 жылғы 25 ақпандағы
№ 111 қаулысына
қосымша

Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидалары

1. Жалпы ережелер

1. Осы Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Сауда қызметін реттеу туралы" 2004 жылғы

12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңын (бұдан әрі – Заң) іске асыру мақсатында "Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Қазақстан Республикасының Кодексіне (бұдан әрі – Кодекс), Қазақстан Республикасының "Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" 2010 жылғы 4 мамырдағы, "Техникалық реттеу туралы" 2004 жылғы 9 қарашадағы, "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" 2000 жылғы 7 маусымдағы заңдарына сәйкес әзірленген және Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан сауда базарларының қызметін ұйымдастыру тәртібін айқындайды.

Осы Қағидалар сауда базарының барлық субъектілеріне қолданылады.

2. Осы Қағидаларда мынадай терминдер қолданылады:

1) автодүкен – сауда жабдығымен жаракталған мамандандырылған автокөлік құралы (тауарларды автодүкендер арқылы өткізген кезде мамандандырылған көлік құралы техникалық тұрғыдан жарамды болуға тиіс);

2) автомат – тауарларды сатуға арналған автоматтандырылған құрылғы;

3) базар әкімшілігі – базар қызметін тікелей басқару үшін базардың меншік иесі (иегері) құрған басқару аппараты;

4) бөлшек базар – қызмет көрсетуді және тұтынушылардың тікелей өздеріне, тұрмыстық және отбасылық пайдалануына арналған тұтыну мақсатындағы тауарларды даналап немесе шамалы мөлшерде сатып алу-сату жүзеге асырылатын базар;

5) бөлшек сауда – сатып алушыға жеке, отбасылық, үй ішінде немесе кәсіпкерлік қызметпен байланысты емес өзге де пайдалануға арналған тауарларды сату жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

6) дүкен – сауда, қосалқы, әкімшілік-тұрмыстық үй-жайлармен, сондай-ақ тауарларды қабылдауға, сақтауға және сатуға дайындауға арналған үй-жайлармен қамтамасыз етілген, күрделі стационарлық құрылыс немесе оның бір бөлігі;

7) дүңгіршек – бір немесе бірнеше сауда орнына есептелген, азық-түлік тауарларын сақтауға арналған сауда залы мен үй-жайлары жоқ, сауда жабдығымен жарақталған, тасымалданатын күрделі емес құрылыс;

8) жылжымалы сөре – арнайы белгіленген орынға орналастырылатын, сауда орнын білдіретін тасымалданатын уақытша құрылыс (конструкция);

9) коммуналдық базар – жергілікті атқарушы органдардың шешімі бойынша құрылатын, тұтынушылардың тікелей өздеріне, тұрмыстық және отбасылық пайдалануына арналған азық-түлік тауарларын басымдықпен сатып алу-сату жүзеге асырылатын сауда базары;

10) көтерме базар – одан әрі өткізу немесе өндірісте пайдалану мақсатында тауарларды партиялармен (көп мөлшерде) сатып алу-сату жүзеге асырылатын базар;

11) көтерме сауда – кейіннен сатуға немесе жеке, отбасылық, үй-ішілік және осындай өзге де пайдалануға байланысты емес өзге де мақсаттарға арналған тауарларды өткізу жөніндегі кәсіпкерлік қызмет;

12) сауда базарының меншік иесі (иегері) – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес әрекет ететін, сауда қызметін жүзеге асыру үшін сауда орындарын беретін және басқа да қызмет түрлерін көрсететін базардың мүлкін иеленетін, пайдаланатын, оның ішінде меншік құқығында пайдаланатын дара кәсіпкер және (немесе) заңды тұлға;

13) сауда базары – аумақта шаруашылық қызмет ету, басқару және күзет функциялары орталықтандырылған, тұрақты негізде жұмыс істейтін және өз аумағының шекарасы шегінде автокөлік құралдарын қою үшін алаңмен қамтамасыз етілген, сондай-ақ санитариялық-эпидемиологиялық талаптарға, өрт қауіпсіздігі, сәулет-құрылыс талаптарына және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де талаптарға сәйкес келетін сауда қызметіне арналған оқшауланған мүліктік кешен;

14) сауда қызметі – жеке және заңды тұлғалардың тауарларды сатып алу-сатуды жүзеге асыруға бағытталған кәсіпкерлік қызметі;

15) сауда қызметінің субъектісі – Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сауда қызметін жүзеге асыратын жеке немесе заңды тұлға;

16) сауда керек-жарағы – сауда қызметін жүзеге асыруға арналған заттар;

17) сауда объектісі – құрал-жабдықпен арнайы жарақтандырылған, тауарлар сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет етуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысуға арналған және пайдаланылатын ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі, құрылыс немесе құрылыстың бір бөлігі, сауда базары, автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

18) сауда орны – тауарлар сату кезінде тауарларды қоюға, көрсетуге, сатып алушыларға қызмет етуге және сатып алушылармен ақшалай есеп айырысуға арналған және пайдаланылатын құрал-жабдықпен жаратандырылған орын;

19) сауда шағын базары (бұдан әрі – шағын базар) – сауда орындарының саны 25-тен аспайтын, тауарларды зауыттық орамда (ыдыста) даналап, ауылшаруашылық өнімін, сондай-ақ арнайы сақтау жағдайларын талап етпейтін тауарларды сатуға арналған базар;

20) стационарлық емес сауда объектісі – инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылуының (технологиялық біріктірілуінің) болуына немесе болмауына қарамастан, жермен берік байланысы жоқ уақытша құрылыс немесе уақытша конструкция, оның ішінде автоматтандырылған құрылғы немесе көлік құралы;

21) стационарлық сауда объектісі – жермен берік байланысқан және инженерлік-техникалық қамтамасыз ету желілеріне қосылған (технологиялық біріктірілген) ғимарат немесе ғимараттың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй-жай), құрылыс немесе құрылыстың бір бөлігі (қосарлас, қосарлас-жапсарлас, жапсарлас салынған үй жай);

22) тауар – сатуға немесе айырбастауға арналған, айналымнан алынбаған кез келген еңбек өнімі;

23) тауарлар тобы – функциялық мақсатында ұқсастығы бар тауарлар жиынтығы;

24) халықтың декреттелген тобы – халыққа қызмет көрсету саласында жұмыс істейтін және айналасындағы адамдарға инфекциялық және паразиттік ауруларды жұқтыруда барынша қауіп төндіретін адамдар;

25) шатыр (павильон) – құрастырмалы-жинамалы конструкциялардан, бір немесе бірнеше сауда орындары үшін сауда жабдықтарымен жаратандырылған сауда қорына арналған алаңы бар және арнайы белгіленген орынға орналастырылатын, жеңіл құрылатын құрылыс.

3. Базарда тауарларды көтерме және бөлшек сату түріндегі сауданы, сондай-ақ қызметтер көрсетуді базар аумақтарында орналасқан стационарлық және стационарлық емес сауда объектілері арқылы сауда қызметі субъектілері жүзеге асырады.

4. Сауда базарларын жобалау, салу және реконструкциялау сәулет, қала құрылысы және құрылыс саласындағы қолданыстағы мемлекеттік нормативтерде көзделген талаптарға сәйкес және өз құзыреті шегінде белгіленген тәртіппен тиісті органдармен келісілген жобалар бойынша жүргізіледі.

Объектіні қабылдаудың бекітілген актісі болмаса, базарды пайдалануға жол берілмейді.

5. Тауарлық-салалық белгісі бойынша сауда базарының аумағын мамандандыруды және аймақтарға бөлуді, сондай-ақ базарда жүзеге асырылатын мәмілелердің көлемі мен сипатына байланысты базардың түрін қолданыстағы нормативтерге сәйкес базар әкімшілігі айқындайды.

6. Базарлар:

1) тауарлық мамандануы бойынша:

азық-түлік тауарларын өткізу бойынша – азық-түлік;

өнеркәсіп тауарларын, тұрмыстық техниканы және тағы басқаларды өткізу бойынша – азық-түлік емес;

2) өткізетін тауарларына байланысты:

мамандандырылған;

әмбебап;

3) мәмілелердің көлемі мен оларды жүзеге асыру тәсілдері бойынша:

бөлшек;

көтерме болып жіктеледі.

7. Әмбебап сауда базары сауда орындары әртүрлі топтағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады:

1) астананың, республикалық маңызы бар қаланың аумағындағы сауда базары, автодүкендерді қоспағанда, ішінде стационарлық емес сауда объектілерін орналастыруға болатын бір және одан да көп стационарлық сауда объектілерінен тұрады;

2) облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың аумағындағы сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерінен тұрады.

8. Әмбебап сауда базары сауда орындары әртүрлі топтағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады:

1) астананың, республикалық маңызы бар қаланың және облыстық маңызы бар қаланың аумағындағы сауда базары, автодүкендерді қоспағанда, ішінде стационарлық емес сауда объектілері орналастыруға болатын бір және одан да көп стационарлық сауда объектілерінен тұрады;

2) аудандық маңызы бар қаланың, кенттің, ауылдың аумағындағы сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерінен тұрады.

9. Мамандандырылған сауда базары тауарлардың жалпы санының жетпіс және одан да көп пайызы бір топтағы тауарларды сатуды жүзеге асыруға арналған сауда базары болып табылады.

Мамандандырылған сауда базары стационарлық және (немесе) стационарлық емес сауда объектілерін білдіреді.

10. Сауда базарларының жұмыс режимін базарлардың әкімшілігі белгілейді.

2. Базар аумақтарын ұстауға, жабдықтауға және жарақтандыруға қойылатын талаптар

11. Базарды ұйымдастыру кезінде Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органмен бекітілген "Тамақ өнімдерінің көтерме және бөлшек сауда объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларының (бұдан әрі – санитариялық қағидалар), өрт қауіпсіздігі, сәулет, құрылыс, ветеринариялық, экологиялық және басқа да талаптар сақталуы тиіс.

12. Базар аумағында орналасқан құрылыстар да қауіпсіздік техникасы, ветеринариялық, санитариялық-эпидемиологиялық, өрт қауіпсіздігі қағидаларына, құрылыс нормалары мен қағидаларына, сондай-ақ тиісті бейіндегі (үлгідегі) объектілер үшін белгіленген басқа да талаптарға сай келуге тиіс.

13. Базар аумағында құрылыстар мен жабдықты орналастыру тұтынушылардың сауда орындарына еркін келуін, өрт қауіпсіздігі талаптарының сақталуын және авариялық немесе төтенше жағдайларда адамдар мен материалдық құндылықтарды шұғыл эвакуациялау мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

14. Базардың санитариялық жай-күйі санитариялық қағидалар талаптарына сәйкес болуға тиіс.

15. Сауда базарларында:

1) орналастыру схемасына сәйкес сауда орындары, әкімшілік-тұрмыстық, қойма үй-жайлары және жалпы пайдаланылатын орындар жабдықталуға;

2) шолуға арналған қолжетімді орындар жабдықталуға тиіс, онда:

сауда базарында сауда орындарын орналастыру схемасын қамтитын ақпарат; авариялық немесе төтенше жағдайлар туындаған кезде эвакуациялау схемасы

;

өрт шыққан кезде адамдарды қауіпсіз аймаққа қауіпсіз эвакуациялауды жүргізу, өртке қарсы қызметті шақыру және өрт сөндіру бөлімшелері келгенге дейін өртті сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі ұйым қызметкерлерінің іс-қимыл тәртібін қамтитын эвакуация жоспары;

сауда орындарын жалға беру (пайдалану) тәртібі мен шарттары туралы ақпарат, оның ішінде осы Қағидалардың 20-тармағының 12) тармақшасына сәйкес базарларда жеңілдіктері бар тұлғалардың тізбесі;

бос сауда орындарының болуы-болмауы туралы ақпарат;

сауда орындарын жалға беру (пайдалану) жөніндегі келіссөздерді жүргізуге уәкілетті тұлғаның байланыс (телефон нөмірі және (немесе) электрондық мекенжайы) деректері;

Қазақстан Республикасының тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы заңнамасында көзделген ақпарат;

бақылау өлшеу құралдарының, пікірлер мен ұсыныстар кітабының орналасқан орны;

базар жұмысына қатысты мәселелер туындаған жағдайда жүгіну қажет базар әкімшілігі, тұтынушылардың құқықтарын қорғау, халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелері, ветеринария және өсімдіктер карантині жөніндегі органдар ішкі істер бөлімі телефондарының нөмірлері;

санитариялық-ветеринариялық сараптама жүргізу үшін азық-түлік тауарларынан алынатын іріктеу нормалары (мұндай ақпараттың ет және жеміс-көкөніс павильондарында орналасуы міндетті) орналастырылады.

Коммуналдық базарда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 1 наурыздағы № 145 қаулысымен бекітілген әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының тізбесіне сәйкес әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларының ағымдағы бөлшек бағалары туралы ақпараттық стендтер орнатылады. Сондай-ақ мұндай ақпараттық стендте өзге де азық-түлік тауарларының ағымдағы бөлшек бағалары туралы ақпарат қамтылуы мүмкін.

Базар аумағы сауда қатарларына (жеміс-көкөніс, ет, сүт, тұрмыстық тауарлар, киім, аяқ киім және т.б.), қоғамдық тамақтану объектілеріне, бақылау өлшеу құралдарына, автобус аялдамаларына, шығуға және т.б. бағыттар сілтемелерімен жарақтандырылады.

Базар қажетті сауда керек-жарағымен, жабдықпен, оның ішінде "Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасы Заңының талаптарына сәйкес қолдануға жол берілген бақылау өлшеу құралдарымен жарақтандырылады

Әрбір азық-түлік сауда залында өлшеу бақылау құралдары орнатылады.

16. Базар аумағында қоғамдық тамақтану, сауда, халыққа тұрмыстық қызметтер көрсету және әлеуметтік мақсаттағы объектілерді орналастыру және жабдықтау санитариялық қағидалардың талаптарын сақтай отырып және Кодекстің 21-1-бабының 2 және 3-тармақтарына сәйкес жүргізіледі.

17. Азық-түлік емес сауда залдарында заттарды (киім, аяқ киім) сату кезінде оларды өлшеп, киіп көру үшін жағдай жасалуы, ал ақаусыздығын тексеруді талап ететін күрделі-техникалық және басқа да тауарлар үшін – оны өткізуге арналған жағдай жасалуға тиіс.

18. Базар аумағындағы сумен жабдықтау және су бұру санитариялық қағидалар талаптарына сай болуға тиіс.

19. Базарда тамақ және ауыл шаруашылығы өнімдерін, азық-түлік шикізатын, тауарларды сақтау және өткізу санитариялық қағидалардың талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Базар әкімшілігінің жұмысын ұйымдастыру

20. Базар әкімшілігі:

1) Қазақстан Республикасының сауда қызметін регламенттейтін қолданыстағы заңнамасына, осы Қағидаларға және базар субъектілерінің өзара қатынастарының ішкі тәртібін айқындайтын базар регламентіне сәйкес базардың қалыпты жұмыс істеуі және оның жұмысын ұйымдастыру үшін қажетті жағдайларды қамтамасыз етеді;

2) базардың регламентін әзірлейді, онда міндетті түрде:

жұмыс режимі және базарға сауда қызметі субъектілерінің, сатып алушылардың және базар әкімшілігі қызметкерлерінің келу тәртібі;

базар ұсынатын қосымша қызметтер тізбесі;

сауда қызметінің субъектілеріне сауда орындарын беру тәртібі, олардың сипаттамасы, жалға алу шарттары көрсетіледі;

3) базар аумағын уақтылы тазалауды және абаттандыруды қамтамасыз етеді;

4) базарда ай сайын кестеге сәйкес санитариялық күн өткізеді;

5) базардың мамандануына байланысты энергиямен, сумен, жылумен жабдықтау бөлігінде базар аумағындағы сауда объектілері мен орындарына сервистік қызмет көрсетуді, сондай-ақ пайдалану шарттарына және оларға белгіленген талаптар мен санитариялық қағидаларға сәйкес келетін сауда керек-жарағының және бақылау таразыларының болуын қамтамасыз етеді;

6) қоғамдық тәртіпті, өрт қауіпсіздігін сақтау, қарауылдық күзет ұйымдастыру және базарды абаттандыру бойынша іс-шараларды өткізу бойынша шаралар қабылдайды;

7) осы Қағидаларға, құрылыс нормалары мен қағидаларына, санитариялық қағидаларға, өрт қауіпсіздігі қағидаларына, экологиялық қағидаларға және қолданыстағы заңнамаға сәйкес басқа да талаптарға сәйкес базар жұмысын ұйымдастырады;

8) базар аумағына кіреберіске базардың түрін, мамандануын, атауын, жұмыс режимін көрсете отырып маңдайша (мемлекеттік және орыс тілдерінде) орнатады;

9) мынадай нормативтік құқықтық актілер:

"Тұтынушылардың құқықтарын қорғау туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Сауда қызметін реттеу туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;

"Өлшем бірлігін қамтамасыз ету туралы" Қазақстан Республикасының Заңы;
осы Сауда базарларының қызметін ұйымдастыру қағидалары;
санитариялық қағидалар болуға тиіс.

Қажеттілік туындаған жағдайда аталған нормативтік құқықтық актілер сауда базарының барлық субъектілеріне танысу үшін беріледі;

10) Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларды қоспағанда, базар көрсететін қызметтер үшін төлем мөлшерлемесін (сауда орындары мен үй-жайларды жалға алу, сондай-ақ басқа да қосымша көрсетілетін қызметтер) дербес белгілейді;

11) Заңға сәйкес сауда объектілерін, сауда объектілеріндегі, оның ішінде сауда базарларындағы сауда орындарын жалға бергенде (пайдаланғанда) жалдау (пайдалану) шарттарын жасауға міндетті (күнтізбелік ай шегінде үш күннен астам мерзімге шарт жасаған кезде – жазбаша түрде);

12) базар көрсететін қызметтер бойынша азаматтардың жекелеген санаттарына жеңілдіктер беру туралы шешімді дербес қабылдайды (бұл ретте жеңілдіктер беру туралы хабарландыру мен тиісті жеңілдіктері бар тұлғалардың тізбесі жалпыға қолжетімді жерде орналастырылады);

13) шарт негізінде құқықтық тәртіпті қорғау және өрт қауіпсіздігі жөніндегі қызметті жүзеге асыратын мемлекеттік емес ұйымдарға, ветеринариялық қадағалау органдарына тұрақты бекеттер орналастыру үшін қызметтік үй-жайлар береді;

14) сауда қызметінің субъектілері үшін ақылы қызметтер (тоңазытқыштарда, қоймаларда және басқа да қойма үй-жайларында тауарларды, өнімді, сондай-ақ сатушылардың жеке заттарын сақтау; ет шабу; жүктерді сауда орындарына тасу; автотұрақтарды пайдалану; радио арқылы хабарландырулар және басқалар) ұсынады.

21. Сауда базарының меншік иесі (иегері) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемені орындайды.

22. Базардың техникалық персоналы сауда базары аумағында шаруашылық қызметті санитариялық киім киіп жүзеге асырады, сондай-ақ санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтайды.

23. Коммуналдық базардың әкімшілігі облыстың, қаланың, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша апта сайынғы негізде коммуналдық базарда сатылатын азық-түлік тауарларына ұсынылатын бөлшек бағаны белгілейді.

24. Коммуналдық базардың әкімшілігі облыстың, қаланың, ауданның жергілікті атқарушы органдарымен келісу бойынша жыл сайынғы негізде тоқсанына бір реттен жиілетпей түзету мүмкіндігімен көрсетілетін қызметтердің барлық түрлері бойынша (сауда алаңдарын жалға беру, тауарларды сақтау, қоймаға қою, сұрыптау және буып-түю, сондай-ақ жүк және жеңіл автокөліктің кіруі және тұрағы) тіркелген тарифтерді белгілейді.

4. Базарлардың жұмысын бақылау

25. Осы Қағидалар талаптарының сақталуын бақылауды Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіппен уәкілетті мемлекеттік органдар және облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдары өз құзыреттері шегінде жүзеге асырады.

26. Базар әкімшілігі уәкілетті органдардың лауазымды тұлғаларына тексерулер жүргізуге жәрдем көрсетеді және осындай тексерулер барысында анықталған кемшіліктер мен бұзушылықтарды жою бойынша шаралар қабылдайды.

27. Жүзеге асырылған тексерулер нәтижелері бойынша, Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының бұзылуы анықталған кезде, бақылаушы органдар Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген шараларды қабылдайды.

28. Базардың меншік иесі (иегері) және (немесе) әкімшілігі осы Қағидаларды бұзғаны үшін Қазақстан Республикасының заңнамалық актілеріне сәйкес жауапты болады.

5. Сауда процесін ұйымдастыру

29. Сауда қызметінің субъектілері және халықтың декреттелген тобына жататын базар қызметкерлері санитариялық-гигиеналық талаптарды сақтауы, сондай-ақ халықтың санитариялық-эпидемиологиялық саламаттылығы саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның Міндетті медициналық қарап тексеруді өткізу қағидаларына сәйкес медициналық тексеруден өтуі тиіс.

30. Сауда қызметінің субъектісі: өнімдердің сәйкестігі мен қауіпсіздігін куәландыратын құжаттарсыз және (немесе) тұтынушылардың өмірі немесе денсаулығы үшін қауіпсіздік талаптарына сай келмейтін (оның ішінде Қазақстан Республикасының аумағына одан тысқары жерлерден әкелінген) тауарларды сатқан, сондай-ақ тауарлардың қауіпсіздік талаптарына сәйкестігін куәландыратын ресми құжатты заңсыз пайдаланған; сатылатын тауардың сапасына қатысты сатып алушыларды алдаған; тұтынушыны артық өлшеу

арқылы алдаған; санитариялық қағидалардың талаптарын бұзып тауарлар саудасын жасаған жағдайда "Әкімшілік құқық бұзушылық туралы" Қазақстан Республикасының Кодексінде көзделген жауаптылықта болады.

31. Сауда қызметінің субъектілері тауарларды сату кезінде:

- 1) базардағы сауда қағидалары мен базардың ішкі тәртібін сақтауы;
- 2) санитариялық-эпидемиологиялық және өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтауы;
- 3) жүкқұжаттардың түпнұсқалары мен нормативтік актілерде көзделген басқа да тауардың ілеспе құжаттары; тауарлардың сәйкестігі мен қауіпсіздігін растайтын құжаттар болуы;
- 4) Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салық есебін жүргізуі қажет.

32. Осы Қағидалардың 31-тармағының 3) тармақшасында аталған құжаттар сауда қызметінің субъектісінде бүкіл жұмыс уақытында сақталады және бақылаушы органдар мен базар әкімшілігінің, сондай-ақ тұтынушылардың бірінші талап етуі бойынша беріледі.

33. Сауда орнын үшінші тұлғаға беру тараптардың (сауда қызметінің субъектісі мен базар әкімшілігі) келісімі бойынша жүргізіледі.

34. Сауда қызметінің субъектілері Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес салықтық міндеттемелерді орындайды.

35. Базарда сатуға тыйым салынған тамақ тауарларының тізбесі санитариялық қағидалар талаптарында айқындалады.

36. Заңға сәйкес еркін сатуға тыйым салынған тауарларды базарда сатуға тыйым салынады.

37. Базарларда ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу міндетті болып табылады. Жануарлардан алынатын шикізаттарды ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізбей сатуға тыйым салынады.

38. Коммуналдық базарда азық-түлік тауарларын сатуға сауда орындарының кемінде 70 %, оның ішінде кемінде 10 % сауда орны өз өнімдерін сату үшін тікелей ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерге беріледі.

Бұл ретте азық-түлік тауарларын сату үшін сауда орындарының нақты санын және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілер үшін сауда орындарының нақты санын айқындауды жергілікті атқарушы органдармен келісу бойынша коммуналдық базар әкімшілігі жүзеге асырады.

6. Сатылатын тауарлардың сапасы мен қауіпсіздігі

39. Базарда айналымға техникалық реттеу, сондай-ақ тағам өнімдерінің қауіпсіздігі саласындағы заңнамада белгіленген тәртіппен олардың базардағы айналымының белгіленген қағидаларына сәйкес тауарлар (өнімдер) жіберіледі.

40. Сату уақытында сапасын жоғалтқан және сапасыз тауарлар разрядына өткен тауар сатудан алынады.

Өнімдер мен тауарларды жою немесе одан әрі қайта өңдеу Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес жүзеге асырылады.

Уақытша сақтауға қойылған тауарлар ыдыста қатталуы тиіс. Сақтау үй-жайларында тауарлар тауарларды қатар орналастыру қағидастары, қоймаға қою, режим мен сақтау нормалары сақтала отырып орналастырылады.

7. Сауда базарларының қызметін тоқтату

41. Сауда базарының меншік иесі базар қызметін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес тоқтатады.